



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

өзүн өзү каржылоо аркылуу иштейт. Андыктан Кыргыз телевидениесинин маалымат студиясы чет элдик кабарларды коммерциялык сүйлөшүү аркылуу эфирге берип келет. Мындай жол аркылуу БиБиСи жана Азаттык мекемелеринин программалары чагылдырылууда жана эл тарабынан жылуу кабыл алынды.

Эл маалымат алууга кызыктар, эл маалыматтан суусап турган чагы. Муну эске алган Кыргызстандын Коомдук биринчи каналынын жетекчилиги эми кабарларды 24 саат бою чагылдырып туруу аракетинде. Алдын ала маалыматтар боюнча атайын канал ачылып, ал “Ала-Тоо 24” деген аталышта 24 саат бою элге кабарлар көрсөтүлүп турмакчы. Бул кабарлар Кыргызстан менен гана чектелбестен, жакынкы жана алыскы чет мамлекеттердеги окуялардын түрмөгү менен топтолуп турмакчы. Эфирдик мөөнөттүн аздыгына байланыштуу спорттук кабарлар да аз көрсөтүлөт. Керек болсо спорт менен маданий кабарларга эфирдик убакыт берилбей калат. Дал ушул өңдүү кемчиликтер “Ала-Тоо 24” каналынын ачылышы менен ишке ашат деп ишенип туралы.

АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЕЛ ИМИДЖІН КӨТЕРУДЕГІ РӨЛІ

Күмисжан Бейбітхан

bkumiszhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану
факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ұ.Есенбек

1990 жылдары ең озық технология, саясаттың сан қыры, экономикалық мәселелер тіпті, мәдениет, өнер, журналистика түгел қамтылды. Бұқаралық коммуникация жүйесінің ірі компоненттерінің бірегейі бола білген телевизия жүйесінің жібі үзілуіне емес, керісінше бұқаралық коммуникацияның дамуына, жаңа қыры арқылы қоғамға пікір қалыптастыруға жәрдем етті. Телевидение оның ішінде бұқаралық коммуникация компоненттерінің қызметіне атаулы өзгерістер еніп, елдегі мемлекеттік институттардың функциясына елеулі ықпал ете білді. Осы үрдіс арқылы қоғамның ақпаратты қабылдауы, өмір сүру салты түбегейлі өзгере бастады»[1,13-б]. Қазақ жерінде телевидение радиотарату негізінде құрылып, аталмыш жүйенің қызметтерін өзіне де еншіледі. Телеарналардағы ақпараттың таралуы, дамуы, өрбуі, берілуі қоғамда болып жатқан үрдістермен тікелей байланысты. Телевидение ел өмірінің жарқын, я болмаса кемшін тұстарын көрсетеді. Сонымен қатар телеарналар өз саясатын ұстана отырып қоғамға едәуір әсер етеді, ел идеологиясын насихаттап, соны қоғамдық пікір етіп қалыптастыруға жұмыс істейді. Телеарнаға қараған көрермен қандай да бір телеарнаның саясатына бүйрегі бұрып, соның салған жолымен жүреді.

Ғалым А.И. Акопов: «Қоғамды болып жатқан құбылыстарды ғылыми тұрғыда түбегейлі, жіті тексеру үшін тарихи тәсіл, тарихи әдіс таптырмас құрал. Телевидение дегеніміз – қоғамда болып жатқан құбылыстардың толық көрінісі. Аталмыш зерттеуге тарихи тәсілді қолдана отырып процестің пайда болуын, кейінгі даму сатыларында үрдіске қандай дүниелердің әсер еткенін, кейін үрдістің қандай ағымға түсіп дами түскенін және оның қазіргі жағдайын толық талдауға болады»[1,89-б],-дейді.

Телевидениедегі ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар кеңес заманында басталды. Сол кездің өзінде отандық телевидение саласы мемлекеттік саясатты насихаттаушы, ұлттың қауіпсіздігін сақтаушы үлкен күшке ие, ықпалды, мемлекеттің «қауіпсіздің қызметімен» қатарлас дәрежеде қабылданған. Қазақстандық телевидение кеңес одағының саясаты, идеологиясын насихаттайтын мықты құралға айналғаны тарихтан белгілі.

Ғалымдар кеңес кезіндегі тележурналистиканы авторитарлы, мемлекеттік-монополиялы, тіпті тоталитарлы деп есептеп жүр. Ал орталық телеарналар – монопольді мемлекеттік насихат құрылымы бола білді. Ол бір уақытта өндіруші, жариялаушы,

телебағдарламаларды таратушы мәртебесіне ие болды. Мемлекеттік телеарналар ашық түрде ел саясатын, экономикалық ахуалын, мәдени санасы мен мемлекеттік мәртебеге ие билік құрылымдарында отырған шенділердің сөзін сөйледі. Сол арқылы мемлекеттік телеарналар қаржы көзін ел билігінен алады. Әрине қаржы қайдан түссе, телеарна сол жердің саясатын сөйлейтіні белгілі.

Р.А.Борецкий: «Мемлекеттік телеарналар биліктің араласуы, ықпал етуі мен тікелей құл сұғуының салдарынан пайда болады. Және телеарналардың ешқайсысы шынайы қоғам сұрауымен, халық қалауымен қабырғасын қаламайды»[2,29-б],-дейді. Кез келген сараптамалық бағдарламалардың бірінші тізімінде ел билігіндегі саяси идеология насихатталуы тиіс екені белгілі. Жылдар бойы көгілдір экраннан түспеген бағдарламалардағы моделді талдаған Е.Лигачев: «Елдегі кез-келген телеарналар мен, бағдарламалардың барлығы бір арнаға тоғысуы керек. Бір мақсат, бір мүдде. Арналардың алғашқы мақсаты – партия саясатын насихаттау, елдегі кереғар көзқарастың көзін тез арада жою!»[3,174-б]. Иә бұл сөздер сол кездегі биліктің бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты ұстанған бағыты екеніне айқын дәлел. Аталмыш мақсатты орындау барысында, телеарналардағы күнделікті тақырыптар жеңіл саяси насихат пен мәдени-эстетикалық арнаға ауысты.

60-80 жылдары телевидение тек биліктің идеологиясын таратушы жалпымемлекеттік институтқа айналды. Экран басқармасы, қаржы көзі, бағдарламалар тізімі мен құрылымы – орталықтанған мемлекеттік институт атанды. Сол арқылы телевидение тек қоғам пікірін қалыптастыруға ғана емес, насихатпен айналысты. Тура осы қарқынымен мемлекеттік телеарналардың қызметі кеңес одағының тарқауына дейін жалғасты. Одақтың күйреуінен кейін телеарналардың коммерциялыққа, жеке меншікке өтуі жиіледі. Ал қазіргі таңда телевидение арқылы, көк экранға телмірген аудиторияның кеңдігі арқасында сала ақпарат таратудың ең ірі құралы мен қоғамдық пікірді қалыптастырудың тиімді жолына айналды.

Қазақстан Республикасының бұрынғы мәдениет және ақпарат министрілігінің 2012 жылғы дерегі бойынша, республикада тіркелген 8343 бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде 2544-і жұмыс істейді. Оның үстіне 215 электрондық БАҚ, 165 кабельді және екі спутник операторы бар. Көріп отырғанымыздай, ақпарат нарығы күн санап дамып келеді[4,56-б]. Жаһандану заманында әлеуметтік, экономикалық және саяси қаракеттің әлемдік масштабқа өтетіні соншалық, әлемнің қандай да бір бөлігінде орын алған оқиға дереу әлемнің тіпті басқа бөлігіндегі кісілер мен олардың бірлестіктеріне әсерін тигізеді. Осы кезде БАҚ ішіндегі радионың жеделділігін ескере аламыз. Ешбір мемлекет басқа елдермен қарым-қатынас орнатпай, бөлектеніп өз функцияларын орындай алмайды, жаһандану мемлекет пен қоғам өмірінің материалдық, рухани секілді көптеген тұстарына әсер етеді.

Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілетті болып дамуы жайындағы Концепцияны қарастырмай-ақ, қазақстандық БАҚ өнімдері ішкі ақпарат нарығынан ығыстырылып жатқанын және де Қазақстанның рухани, экономикалық, саяси, әлеуметтік өмірінің шетел ақпарат құрылымдарынан тәуелділігі күшейіп жатқанын атап айтуға болады. Біз, теледидарды қосқан кезде, газет сататын киосктің алдына келген кезде, шет мемлекеттердің ақпарат экспансиясының куәгері боламыз. Кейбіреулер бұны қоғамның ашықтығы мен демократияның дамығандығының көрінісі дейтін де шығар.

Солай-ақ болсын, алайда одан шықса қауіп төнетіндей белгілі бір шектің болуы да керек сияқты. Екінші жағынан, «ақпараттық экспансияға қарсы тұру жүйесінің» құрылуы ішкі және шетел БАҚ-ын, жалпы ақпараттық ағынды қатаң қадағалауға алатын жүйеге айналып кетпейтіндігіне кім кепілдік бере алады. Нәтижесінде, ақпарат өз объективтілігінен айырылып, мемлекет ішіндегі және сыртындағы болып жатқан оқиғалар мен процестерге байланысты азаматтардың түсінігі бұрмаланады.

Елбасы өзінің «Қазақстан-2030» Жолдауында: «Қауіпсіздік пен тұтастық мәселелерінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз. Біздің көрсетіп отырған және болашақта да көрсете беретін

ізеттілігіміз бен меймандостығымыз тіпті де аңқаулық пен кіріптарлықтың көрінісі емес»[5,54-б],-дейді.

Ақпараттық қарым-қатынастың жақсаруы арқасында мемлекеттегі ақпараттық кеңістіктің, мәдениет пен экономиканың әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікке интеграциясы іске асады. Ақпараттық алаңды ары қарай дамытып, әлемдік ақпараттық қоғамдастыққа кірер кезде, ҚР президенті айтып өткен идеяның ең маңызды жерлерін естен шығармаған дұрыс. Ол үшін, қалыптасқан жағдайды әділ бағалап, қос стандарттардан бас тартып, дұрыс қорытынды жасауымыз тиіс. Мемлекеттің ақпараттық алаңында отандық өнімнің басым болуы басты басымдылыққа айналуы тиіс. Тек сонда ғана, Қазақстанда ақпарат нарығының маңызды және негізгі элементтері қалыптасты деп айтуға болады.

«Қазақстан» телеарнасы елдегі бірден бір қазақы рухты және қазақы журналистика дамуына із сала бастаған ұжым. Ресми биліктің қазақтілді журналистикаға қырын мүдделілігі қабылданып жатқан БАҚ туралы жаңа заңдардан барлық саяси және экономикалық алғышарттар бола тұрып, қазақтілді журналистиканың күшімен халықтың ақпарат алу мүмкіндігін зорайтуға бір жол ашылмай тұр.

«Қазақ журналистикасының дамуына кедергі болып отырған тағы бір себеп журналистикалық экономиканы атауымызда, әрине, қазіргі менеджментті меңгермегендік көзге бірден түседі. Қазақ журналистикасының дамымауына тілдің артта қалғандығы емес, журналистиканың басты күн көрісі болып табылатын қаражат көзінің бітелгендігінде болып отыр. Қазіргі журналистика табыс көзін екі тараптан ғана тартатыны белгілі: мемлекеттік тапсырыс ретінде мемлекеттік бюджеттен және жарнамалау түрінде коммерциялық тараптан. Ал, үшіншісі болып табылатын баспасөзге жазылым шын мәнінде болмашы ғана ықпалы бар қаржы көзі. Бұлардың ішіндегі ең бастысы - жарнама саласы[6,88-б].

Қазақстандық телеарналардың экранында жарық көріп жүрген ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларды саяси, әлеуметтік, экономикалық, шетел жаңалықтарының талдану, талқылану тәсілдері және оны ұсыну әдісі әрқилы. Жалпы ақпараттық-сараптамалық бағдарламалардың бүгінгі жай-күйі, қазақ қоғамындағы рөлі мен елдің саяси-экономикалық ахуалын анық, сауатты жеткізіп отыр деп толық айта алмаймыз. Кейбір ақпараттық-сараптамалық бағдарламалардың өзіндік ерекшелігі, сын мен сараптау жасаудағы жетістіктері жоқ емес.

Соңғы кездері отандық телеарналар бетінде ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар саны көбейіп кеткені көзге көрінерлік жағдай. Олар бір апта ішінде болған атышулы оқиғаны талдап, жіліктеп, сараптап халыққа сауатты ұсынуды мақсат етеді. Қазіргі отандық ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар ел экономикасында болып жатқан жағдайлар мен әлем нарығын сауатты талдауға қауқары жете бермейтіні тағы бар. Бағдарлама көп болғанымен, ақиқатында айқын сараптама жасайтын өнім аз.

Бағдарламаны нәтижелі болатындай әзірлеу оңай емес, телестанциялар талапқа сай бағдарламаны жасауы шын мәнісінде көңілден шықпайды, шын мәнісінде бағдарламалар қысқа мерзімде табыс кіргізе қоймаса да, демократиялық қоғамда дамуы үшін, оның беталыс-бағытын айқындауда үлкен рөл атқарады. Ақпарат қоғам мүддесіне қызмет етеді, көрермендердің көз алдында телекомпаниялардың атақ-абыройын арттырады және болашақ жетістіктері іргесіне қаланған салмақты үлес болуы да сөзсіз. Осының барлығын ескере отыра, нақты бір сапалы ақпараттық-сараптамалық бағдарламаны даярлауға болады.

Телеарналарда шығып жүрген ақпараттық-сараптамалық бағдарламалардың басты тақырыптары саяси-экономикалық, әлемдік оқиғалар және оның сауатты саралануы кейде көңілден шықпайды.

«*Apta.kz*» бағдарламасы - еліміз бен әлемде бір апта көлемінде болған саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайларға және мәдени-рухани кеңістіктегі оқиғаларға талдау жасайды. Бағдарламаға айтылған сын да ұшаң теңіз. Мысалы, «Жас Алаш» газетінің 2012 жылғы шығарылымы, 59-шы санында Серік Құдайбергенұлының мынадай мақаласы жарық көрді: «Бұған дейін Қазақстан ұлттық арнасы картон қағаздарымен қоректенетін Жаңа-өзендік бес түлік мал жайында сюжет ұсынған болатын. Күні кеше «*Apta.kz*» бағдарламасы

«картон жейтін малдың еті – семіз, сүті – тәтті болады» деп кезекті рет айды аспанға шығарды. Журналист Думан Мұхаметкәрімнің айтуынша қағаз картонды «сиыр мен түйе таласып-тармасып жеп қоятын» көрінеді. Әйтсе де ол өзге өңірден келген малдың «жергілікті азыққа бас салмайтынын» жасырмайды. Биліктің қас-қабағына қарайтын БАҚ өткен 2012 жылғы қанды қырғыннан кейін Жаңаөзен жайында әртүрлі ақпараттар бере бастады. Осының арқасында бұқара халық шалғайдағы бауырларының қандай күйде өмір сүріп жатқанын білді. Мәселен, билік «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» деп есептейтін Жаңаөзенде жем-шөп удай қымбат. «Мал баққан ағайын қорасындағы төрт түлігін асырай алмай пұшайман болып отыр. Сол себепті жаңаөзендіктер мал азығының жаңа түрін ойлап тапты. Олар кәдімгі картон қағазын жемге шылап беріп, қой-сиырын бордақылауға көшті», – дейді Думан Мұхаметкәрім.

Оның айтуынша, Жаңаөзенде мал ұстау өте қымбат. Мәселен, көде мен жусан шөбінің бір түгі 1200 теңге тұрады. Ал жоңышқа сияқты құнарлы шөптердің құны 2000 теңге болса, арпа 1500 теңге. Осыларды есептей келе журналист «Бір сиырды бағу үшін айына жоқ дегенде 70 мың теңге жұмсайсыз», – дейді. Аталған 70 мың теңге бір ер азаматтың жалақысы емес пе? Ал бұл ақшаға Жаңаөзендік тұрғын бала-шағасын асырай ма, әлде қорадағы бес-алты тұяғына жем-шөп ала ма? Сондай-ақ журналист «Жаңаөзенде осы қағаздың көмегімен мал семіртеп отырған ағайын бар» дейді. Әйтсе де әр жерде шашылып жататын картон Жаңаөзенде қып-қызыл ақша тұрады. Мәселен бір күндік «жем» болатын қағаз жәшіктердің бір бумасы 100 теңге. Осыдан-ақ Жаңаөзендік тұрғындардың тұрмысы тұралап тұрғанын аңғаруға болмай ма? Адамын айтпағанда, алдындағы бес-алты малына халық жем-шөп таба алмай зар. Сөзім дәлелді болсын деген журналист Фейруза Бақалбаеваға: «Сиырдан үш литр сүт аламыз. Сүті жақсы болады», – деп айтқызады. Тіпті журналист қызды-қыздымен «Енді мына қызыққа қараңыз. Жергілікті халықтың айтуынша, Оралдан келген малға қарағанда, картон жеп семірген өзендік малдың еті де, сүті де дәмді болады», – дейді. Сонан соң Бектұрлы Шалқарбаевтың «Оралдан келген мал енді қанша айтқанмен, мына ақ шөпке, жемге жайылған, олардың майлылықтары кішкене басқаша, өзгелеу болады» деген пікірін береді. Тілшінің сөзіне сенсек, Бектұрлы Шалқарбаев қана емес, өзге де өзендіктер «өзіміздің малға жететін мал жоқ» деп есептейді-мыс. Мәселен Жаңаөзен қалалық мәслихат депутаты Өтебай Смағұлұлы «Басқа жердің етімен, осы жердің малының еті басқаша болады. Ол таза өнім ретінде-ау деп ойлаймын. Технологиясы басқаша енді», – дейді. Бұл аз десеңіз, жергілікті мал дәрігері Бақыт Нұржоловтың өзі «бұл жақтың малы картонды жақсы қорытады» деп есептейді. «Картон жеп ауру тауып жатыр» дегенді естіген жоқпын. Себебі, ол мүмкін де емес. Бұл да бір табиғи қосынды», – дейді Бақыт Нұржолов. Сондай-ақ журналист картон жейтін жаңаөзендік малдар астаналық ғалымдарды да шын таңғалдырдығанын айтады. Мәселен журналист С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті деканының орынбасары Серік Нарбайұлының пікірін беруді ұмытпапты. Әйтсе де Серік Нарбайұлы картонда химиялық улы заттар көп болғандықтан малға кері әсерін тигізеді деп есептейді. Сондай-ақ ғалым картон тұтынған малдың ғұмыры табиғи жем-шөп жеп өскен малға қарағанда екі есеге дейін қысқа болуы мүмкін деген ойда. Картон жейтін мал жайында ұлттық арна сүйінші сұрағандай етіп хабар берді. Ал есі дұрыс адам картонның малға азық болмасын түсінсе керек еді. Кемшілікті жасырып-жабудың да өз жөні бар. Осыны аты дардай арна басшылары түсінсе керек еді».

«Қазақстан» Ұлттық телеарнасы мемлекет қаржысы арқылы жұмыс істеп келе жатқандықтан техникалық, өзге де шығармашылықтан тыс дүниелерге оңай қол жеткізе алады. Сондықтан өзгеге көңіл аудармайтын журналист таза мәтін мен сараптаманың сауатты шығуына көңіл бөлуі керек. Дегенмен бұл белгілі шектің жоқ екенін білдірмейді. Абсолютті сөз бостандығы еш елде жоқ, дегенмен мемлекет саясаты шеңберінде отырған телеарна міндеттелген саяси маңызы бар жаңалықтардан қызықты материал дайындауға қабілетті журналистер қосынын қолға алуы керек. «Апта кз» бағдарламасында дәл осындай тілшілер тізімі бар. Дегенмен кей тұста материалдың үстірт саралананатынына жоғарыда

мысал келтірдік. Кейбір экономикалық жаңалықтар Ұлттық арна назарына міндетті болып іліккенімен, бір текті болып шығып жатады.

Қай кезде де теледидарда берілетін ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларда жеделдік пен әсерліктің мәні зор екендігін айтуға тиіспіз. Тележурналистер үнемі ширақтылық пен тәртіптілік, әрі көрегенділік таныта отырып, әрбір бағдарламаға қатал жоспар жасаулары тиіс. Кез-келген сюжетке ыждағаттылықпен бірге дәлдік, жинақылық керек. Сәл босаңсысаң жоспардағы істің бәрі де сәтсіздікке ұшырайды. Қазіргі ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларға жалықпай саралайтын, салмақтап, толымды сөзін айта алатын азулы журналистер қажет-ақ. Көгілдір экранның әрбір күні тынымсыз ізденіс пен жаңалыққа толы. Апта сайынғы сараптамалық бағдарламалардың оң бойынан тың жаңалық, жеделділік пен тиімділік іздегенде кешегі, бүгінгі телерадио журналистер ізденістерінің сәттілігіне, көп қырлылығына, жұмыстарының нәтижелілігіне көзіміз жете түседі.

Қолданылған әдебиет

1. Акопов А.И. Некоторые вопросы журналистики: история, теория, практика. (Сборник научных и профессионально-практических работ автора за 1972-2002гг.) Терра, Ростов-на-Дону, 2002.
2. Борецкий Р.А. Журналист ТВ: за кадром и в кадре. М., 1990 (совместно с Г.В. Кузнецовым).
3. Тұрсын Жұмаханұлы Құдайберген. Тележурналистиканың қалыптасу даму жолдары. – Алматы: 2006.
4. Тұрсынов Қ. Көгілдір экран құпиялары. -Алматы: Қазақ университеті, 1998.
5. Матаев С. «Билік және ақпарат арналары» // Егемен Қазақстан. 2002.
6. Цвик В.Л. Журналист с микрофоном. - М.: 1987.

МАГИСТРАТУРА В ЕВРАЗИЙСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ «ПЕРСПЕКТИВА ДЛЯ СТУДЕНТОВ ЗАВТРАШНЕГО ДНЯ»

Курумбаева Айгуль,

студентка 3 курса специальности «5В050400-журналистика» факультета журналистики и политологии ЕНУ им Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Во все времена, образование для людей играла значительную роль. До нас дошли величайшие труды ученых, которые внесли вклад истории образования. Магистратура это - ступенька вверх, за лучшими знаниями, так зачем необходимо сегодня иметь диплом магистра, что именно дает магистратура и какой университет лучше выбрать?

Сейчас недостаточно иметь одно высшее, в связи с тем, что ежегодно меняется система образования, появляются новые технологии, и наше стремление познавать и изучать другие сферы деятельности стало необходимым. Магистратура, образование "выше высшего", представляет собой второй уровень высшего образования и впоследствии позволяет осуществлять научную и педагогическую практику в рамках своей специализации. Целью магистратуры любого вуза является подготовка высококвалифицированных специалистов, научно – практический потенциал которых соответствует принятым международным стандартам качества образования, способствует повышению уровня высшего образования по республике в целом и содержит в себе способности развивать фундаментальные науки в стране.

Со дня приобретения независимости прошло двадцать три года, за это короткое время, мы не только улучшили экономику, но и многого добились, в сфере образования. Все стало возможным. Теперь и в нашей стране, поступить на магистратуру стало доступным на базе высшего или высшего специального образования. Обучение осуществляется согласно